



# *“Қазақ хандығының құрылуы”*





КАЗАН ХАНДЫҒЫ

СІБІР ХАНДЫҒЫ

НОҒАЙ ОРДАСЫ

ОЙРАТ ХАНДЫҒЫ

АСТРАХАН ХАНДЫҒЫ

А Қ О Р Д А Н ДЫҒЫ

Қазақ хандығы

МОҒОЛСТАН

Мауереннах

Самарқан

# Қазақ хандығының құрылуының себептері

*Халық бұқарасының  
Әбілқайыр ханға  
наразылығының күшеюі*

*Алым-салықтың көбеюі*

*Керей мен Жәнібек  
сұлтандардың  
Қазақ хандығын құруға  
Ұмтылуы*

*Әбілқайыр ханның  
ойраттардан жеңіліп қалуы*

Қазақ хандығының құрылуына 1457-жылдан кейін Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріндегі Шу мен Талас өңіріне қоныс аударуы мұрындық болды.



## Жетісуді билеген Моғолстан ханы Есенбұға

Қоныс аударған қазақтарды Әбілхайырға қарсы пайдалану үшін қарсы алып, қоныс берді.

Тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде

Дешті Қыпшақты Әбілхайыр хан биледі.

Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбас аймақтарын берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілхайыр хан дүние салды да, өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей хан, Жәнібек ханға көшіп кетті. Сөйтіп, олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті.

Әбілхайыр (1468 ж.) дүние салды да, Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі – ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей мен Жәнібекке көшіп кетті.

Қазақ хандығының саясаты: Қазақ хандығының саяси – экономикалық базасын нығайту үшін Сырдария бойындағы қалаларды қарату төтенше маңызды еді.

Жаңадан құрылған Қазақ хандығының тағына Шыңғысханның ұрпағы болғандықтан, Керей мен Жәнібек сұлтандардың екеуінің де отыруға құқы болды. Бірақ тәртіп бойынша жасының үлкендігі де ескерілді, сондықтан хан тағына Керей отырды.



Ақылдасар тірегі Жәнібек болды.



Қазақ хандығының құрылған жері – Шу бойы мен Қозыбасы.

Жәнібек пен Керей сұлтандар Әбілқайыр ханнан бөлініп, жүректерінде азаттық пен бостандықтың жалыны жанған елін ертіп, Батыс Моғолстанның Шу мен Талас өзендері аралығындағы Қозыбасы аймағына қоныстанған.



Керей хан. Суретші Н.Қарымсақов

→ Орыс ханның немересі Болат ханның ұлы

→ Шамамен (1456-1473) жылдары билік еткен.

→ Үш ұлы бар: Бұрындық хан, Қожа-Мұхаммед және Сұлтан Әлі.





# Керей хан

Батыр да батыл саяси көзқарастарымен ерекшеленеді.

Көшпелі мәдениетке тән әдет-ғұрып нормаларын қолдады.

Мемлекеттік органдарын құру мен жаугершілік заманда әскер құрудың жаңа принциптерін енгізген.

Мемлекет органының басшы билігі

хан

әскери қолбасшы

Барақханұлы,  
Жәнібек Әбусағит  
(1473-1480) таққа  
отырған ж.ж.



Орыс ханның шөбересі ←

Барақ ханның ұлы ←

Әз-Жәнібек ←



Жәнібек хан. Суретші Ә.Бұхарбаев



# Жәнібек хан

Ақылгөй, данагөй және  
әділетті әмірші

Жәнібек ханның артында  
9 ұлы қалған.

Жиренше,  
Махмұт, Қамбар,  
Әдік, Қасым  
секілді ұлдары

Жәнібек ханның  
Жәдік атты ұлы мен  
оның ұрпақтары  
саяси билікті  
қолдарында  
ұстайды.

Қазақтың ханы  
болған Тәуекел, Есім,  
Жәңгір, Тәуке хандар  
– Жәнібек ханның  
ұрпақтары болып  
келеді.

Қазақ хандығы құрылғанда жасы үлкен Керей хандық тізгінді ұстаса, одан кейін Жәнібек билік жүргізіп, Керей ханның ісін жалғастырды. Қазақ Ордасының іргеленуі мен іріленуі Жәнібек хан тұсында болған. Жаңа хандықтың мемлекеттік құрылымы мен заң жүйесі де Жәнібек заманында жүйеленіп, келер ұрпаққа мұра етілген.

біртұтас Қазақ  
мемлекетінің ұлттық  
ұраны

«Алаш»

мемлекеттік Елтаңбасы

«Төре таңба»

алғашқы астанасы

Сығанақ қаласы

Қазақ хандығында сол кезде екі ірі таптар болды

**төрелер**

ханнан кейінгі барлық  
әкімшілік-атқарушы  
билікті басқарды,

**қожалар**

рухани-діни билікті өз  
уысында ұстады және  
қожалар рухани көсем  
ретінде ақсүйектер  
тобына енгізіліп, оларға  
төрелер секілді  
жеңілдіктер берілді.

# Қазақ хандығының алдына 3 үлкен тарихи міндет қойылды:

1. Мал жайылымдарын пайдаланудың Дешті – Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан дағдылы тәртібін қалпына келтіру (бұл тәртіп Әбілқайыр хандығындағы аласапран арқылы бұзылған) көшпелі шаруалардың көкейтесті мүддесі еді.

2. Шығыс пен Батыс арасындағы сауда керуен жолы үстінен орнаған Сырдария жағасындағы Сығанақ, Созақ, Отырар, Ясы (Түркестан) т.б. қалаларын қазақ хандығына қарату. Бұлар осы өңірдегі саяси-экономикалық және әскери-стратегиялық берік база болатын.

3. Қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық территориясын біріктіру. Бұлардың ішіндегі ең маңызды міндет – Сырдария жағасындағы қалаларды қарату күресі болды.